

«8D01401- Техникалық және кәсіптік білім берудегі менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Аязбаева Сая Сайлауовнаның «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Зерттеудің өзектілігі. Қоғам дамуының қазіргі кезеңі жаһандану, интеграция, цифрландыру және білім беруді интернационалдандырудың белсенді процестерімен сипатталады. Халықаралық ынтымақтастықтың кеңеюі, білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығының дамуы, мәдениетаралық байланыстардың күшеюі әртүрлі мәдениет өкілдерімен тиімді өзара іс-қимыл жасауға және көпмәдениетті ортада кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті мамандарды даярлау қажеттілігін тудырады. Мұндай жағдайда мәдениетаралық коммуникация тұлғаның табысты кәсіби және әлеуметтік өзін-өзі жүзеге асыруының негізгі факторларының біріне айналады.

Сонымен қатар, зерттеудің өзектілігі кадрлар даярлау сапасын арттыруға, адами капиталды дамытуға және отандық білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктіруге бағытталған Қазақстан Республикасы мемлекеттік білім беру саясатының басымдықтарымен де байланысты. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды меңгерген, кәсіби ұтқырлыққа және мәдениетаралық өзара қарым-қатынасқа қабілетті, құзыретті, бәсекеге қабілетті тұлғаны даярлау қажеттілігі атап көрсетілген. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңында тілдік дайындықтың мәдениетаралық қарым-қатынас пен көптілді білім берудің маңызды негізі ретіндегі мәніне басымдық берілген.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» (2022) және «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауларында икемді дағдыларға (soft skills), сыни тұрғыдан ойлауға, жоғары коммуникативтік мәдениет деңгейіне және тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимыл жасау қабілетіне ие жаңа буын мамандарын даярлау қажеттілігі баса айтылған.

Академиялық ұтқырлықтың артуы және қазақстандық жоғары оқу орындарында шетелдік білім алушылардың, соның ішінде Түрікменстаннан келген студенттер санының көбеюі көпмәдениетті білім беру ортасының кеңеюіне ықпал етеді және жоғары білім беру жүйесіндегі мәдениетаралық өзара іс-қимыл механизмдерін жетілдіру қажеттілігін өзектендіреді. Шетелдік студенттерді оқыту тәжірибесі білім алушыларда мәдениеттердің сындарлы диалогына, коммуникативтік кедергілерді еңсеруге және халықаралық білім беру ортасында тиімді өзара іс-қимыл жасау дағдыларын дамытуға қабілеттілікті қалыптастыру қажеттілігін көрсетеді.

Пандемия COVID-19-дың салдары мәселені өзектендірудің қосымша факторы болып табылады, ол жоғары мектептің білім беру ортасын айтарлықтай өзгертті. Қашықтықтан оқытудың, виртуалды академиялық ұтқырлықтың, халықаралық онлайн-жобалардың және цифрлық мәдениетаралық өзара іс-қимылдың кеңеюі білім алушыларды тек дәстүрлі ғана емес, сонымен қатар виртуалды көпмәдениетті ортада да тиімді коммуникацияға дайындау қажеттілігін тудырды. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру жағдайында білім алушылардың онлайн және офлайн форматтардағы мәдениетаралық қарым-қатынас мүмкіндіктерін кеңейтуді қамтамасыз ететін цифрлық және интерактивті технологиялардың рөлі арта түсуде, олардың негізі COVID-19 пандемиясы кезеңінде жаппай қаланған болатын.

Педагогика ғылымында мәдениетаралық қарым-қатынас мәселесіне назардың артуына қарамастан, отандық және шетелдік зерттеулерді талдау көрсеткендей, жоғары оқу орнында даярлау процесінде білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастыру мәселелері әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

Зерттеушілер білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастыру арнайы ұйымдастырылған педагогикалық шарттар негізінде, мақсатты түрде және жүйелі түрде жүзеге асырылуы тиіс екендігін атап өтеді. Бұл процесте білім беру ортасын, оқыту мазмұнын, педагогикалық өзара іс-қимылдың формалары мен әдістерін қамтитын ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар маңызды рөл атқарады.

Дегенмен, ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, мәдениетаралық қарым-қатынасқа арналған зерттеулердің ауқымды санына қарамастан, жоғары оқу орнында даярлау процесінде білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастырудың тиімді ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарын айқындау мәселесі жеткілікті деңгейде әзірленбеген. Атап айтқанда, білім алушылардың мәдениетаралық коммуникациясының құрылымын, оны қалыптастырудың педагогикалық механизмдерін және жоғары оқу орнындағы білім беру процесін ұйымдастырудың модельдерін айқындау қажет етіледі.

Заманауи ғылыми зерттеулер мен педагогикалық практиканың сұраныстарын талдау барысында келесі **қарама-қайшылықтарды** анықтадық:

- дамыған мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікке ие мамандарға деген қазіргі қоғамның қажеттілігі мен жоғары білім беру жүйесінде білім алушылардың мәдениетаралық коммуникациясын қалыптастырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарының жеткілікті әзірленбеуі арасындағы;
- мәдениетаралық компонентті кәсіби даярлыққа кіріктірудің әлеуетті мүмкіндіктері мен мұндай кіріктірудің (интеграцияның) педагогикалық механизмдерінің жеткілікті әзірленбеуі арасындағы;
- мәдениетаралық құзыреттіліктің қалыптасу динамикасын объективті диагностикалауға деген қажеттілік пен жоғары оқу орнында даярлау процесінде

білім алушыларға арналған критерийлік-диагностикалық құралдардың (инструменттердің) жоқтығы арасындағы.

Жоғарыда келтірілген қарама-қайшылықтарды шешу ұсынылған зерттеу мәселесін анықтады және диссертациялық зерттеу тақырыбын таңдауға негіз болды: «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары»

Зерттеу объектісі - білім алушыларды жоғары оқу орнында даярлау процесі.

Зерттеу пәні - жоғары оқу орнында даярлау процесінде білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары.

Зерттеу мақсаты - жоғары оқу орнында даярлау процесінде білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігін теориялық тұрғыдан негіздеу және эксперименталды түрде тексеру.

Зерттеу болжамы: егер жоғары оқу орнында даярлау процесіне біз әзірлеген құрылымдық-мазмұндық модель енгізілсе, онда бұл білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптасу деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді, өйткені ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар білім алушыларда тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимыл жасау қабілетін дамытуға ықпал ететін болады.

Зерттеудің міндеттері:

1. Жоғары оқу орнында даярлау процесінде білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін ашу;
2. Жоғары оқу орнында даярлау процесінде білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарын теориялық тұрғыдан негіздеу және әзірлеу;
3. Жоғары оқу орнында даярлау процесінде білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу;
4. Жоғары оқу орнында даярлау процесінде білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастырудың әзірленген моделінің тиімділігін эксперименталды түрде сынақтан (апробациядан) өткізу.

Зерттеудің жетекші идеясы: Қазақстанның көпмәдениетті ортасында мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру жоғары оқу орнында даярлаудың мақсатты түрде құрылған ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары арқылы іске асырылатын, этносаралық келісімді нығайту мен кәсіби ұтқырлықтың механизмі ретінде әрекет етеді.

Зерттеу көздері: ҚР жоғары білім беру жүйесін реттейтін заңнамалық және нормативтік-құқықтық құжаттар; зерттеліп отырған мәселенің табиғаты мен

мазмұнын қарастырған отандық және шетелдік авторлардың, педагогтар мен психологтардың ғылыми зерттеулері, сондай-ақ оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер.

Зерттеу әдістері:

- теориялық: философиялық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді талдау; салыстырмалы-салғастырмалы талдау; модельдеу; жүйелеу және жалпылау;
- эмпирикалық: сауалнама алу, бақылау, қатысушылық бақылау, әңгімелесу, үйрету (тестілеу), студенттердің іс-әрекет өнімдерін талдау;
- математикалық: эксперименталды зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеудің математикалық әдістері.

Зерттеу базасы: Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің базасында жүзеге асырылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

- жоғары оқу орнында даярлау процесінде білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері ашылды;
- жоғары оқу орнында даярлау процесінде білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары теориялық тұрғыдан негізделді және әзірленді;
- жоғары оқу орнында даярлау процесінде білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді;
- жоғары оқу орнында даярлау процесінде білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастырудың әзірленген моделінің тиімділігі эксперименталды түрде сынақтан өткізілді.

Практикалық маңыздылығы жоғары оқу орнында даярлау процесінде білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастыру моделін іске асырудың тиімділігін дәлелдейтін эксперименталды жұмыстың нәтижелерінде және оқу процесіне келесілерді қамтитын оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді енгізуде көрініс табады:

- С. Сейфуллин атындағы ҚаАТЗУ-дың барлық білім беру бағдарламалары үшін «Шет тілі» пәні бойынша оқу бағдарламаларына (силлабустарға) толықтырулар енгізу;
- «Мәдениетаралық қарым-қатынас және педагогика» оқу құралы, Нұр-Сұлтан: С. Сейфуллин атындағы ҚаАТУ, 2021. – 75 б.;
- «Тіл және мәдениетаралық қарым-қатынас» электрондық практикумы, Нұр-Сұлтан: С. Сейфуллин атындағы ҚаАТУ, 2021. <http://repository.kazatu.kz/>;
- «Methodology of scientific research» электрондық оқулығы (Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы куәлік, 2021 жылғы «21» мамырдағы № 17790).

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. Жоғары оқу орнының білім беру процесіндегі студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігі - мәні болашақ маманның көпмәдениетті ортада тиімді, әдепті және бейімделгіш кәсіби өзара іс-қимылға қабілеттілігі мен дайындығынан көрінетін интегративті тұлғалық қасиет.

2. Зерттеліп отырған құзыреттілікті үзінді (фрагментарлы) танысудан мақсатты түрде қалыптастыруға жүйелі көшуді қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар кешені:

- мәдениетаралық компонентті тілдік дайындық мазмұнына кіріктіру (интеграциялау);

- процесті интерактивті-коммуникативтік әдістер негізінде ұйымдастыру;

- көпмәдениетті білім беру ортасын жобалау (жергілікті студенттер мен шетелдік білім алушылардың, соның ішінде С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде оқитын Түркіменстаннан келген студенттердің өзара іс-қимыл синергиясын қоса алғанда);

- білім алушылардың өзіндік жұмысын (БАӨЖ) құзыреттілікті қалыптастырудың мақсатты механизмі ретінде қарқындату (интенсификациялау).

3. Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың блокты-модульдік архитектурасымен ерекшеленетін құрылымдық-мазмұндық моделі. Қолданыстағы тәсілдерден ерекшелігі, модель жоғары оқу орнының (С. Сейфуллин атындағы ҚазАТЗУ мысалында) шынайы көпмәдениетті ортасындағы кәсіби өзара іс-қимылға теориялық хабардарлық пен практикалық дайындықтың синергиясына бағытталған.

4. Эксперименттік топтардағы студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу көрсеткіштерінің барлық критерийлік параметрлер бойынша статистикалық маңызды өсімімен дәлелденген, әзірленген модель мен ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар кешені тиімділігінің эксперименттік дәлелдемесі.

Ғылыми нәтижелердің шынайылығы мен негізділігі: Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктің мәнін, құрылымы мен қалыптасу механизмдерін ғылыми тұрғыдан ашуға мүмкіндік берген жүйелілік, құзыреттілік, тұлғалық-іс-әрекеттік және мәдениеттанулық тұрғыларға сүйенетін зерттеу әдіснамасымен және бастапқы теориялық ережелермен негізделген;

- қойылған міндеттер мен алға тартылған ғылыми болжамға қатаң сәйкес келетін зерттеудің барлық компоненттерінің қисынды (логикалық) өзара байланысымен;

- эксперименталды топтардағы білім алушылардың мәдениетаралық коммуникациясының қалыптасу деңгейлерінің статистикалық тұрғыдан маңызды оң динамикасын тіркеген педагогикалық эксперименттің объективті нәтижелерімен.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу (апробациялау) және енгізу:

Зерттеу С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің көпмәдениетті білім беру ортасы жағдайында ерекше маңызға ие болды, өйткені мұнда қазақстандық білім алушылармен қатар шетелдік студенттер, соның ішінде Түрікменстаннан келген көптеген білім алушылар білім алады. Зерттеудің кейбір аспектілері жоғары оқу орнындағы шетелдік студенттердің бейімделуі мен мәдениетаралық өзара іс-қимылына арналған жарияланымда көрініс тапты, бұл қарастырылып отырған мәселенің практикалық маңыздылығы мен өзектілігін қосымша растауға мүмкіндік берді: «Scopus» ДҚ-да индекстелетін басылымдарда - 1 мақала; республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдарында - 3 мақала; ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда - 4 мақала. Сондай-ақ 1 оқу құралы, ЭЕМ-ге арналған 1 бағдарлама, 1 электрондық практикум әзірленді.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы қойылған міндеттердің қисыны мен жүйелілігіне негізделген. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыста кестелер, суреттер мен диаграммалар қамтылған.

Кіріспеде зерттеліп отырған мәселенің өзектілігі негізделген және диссертациялық зерттеудің ғылыми аппараты ұсынылған.

Бірінші бөлімде («Жоғары оқу орнында даярлау процесінде білім алушыларының мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері») «мәдениетаралық коммуникация» және «мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік» ұғымдарының мәні ашылып, отандық және шетелдік тәжірибеге салыстырмалы талдау жасалған.

Екінші бөлімде («Білім алушыларының мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары») мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті жүйелі түрде қалыптастыруды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар бөліп көрсетіліп, негізделген; мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастырудың авторлық құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген.

Үшінші бөлімде («Білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастыру моделін іске асыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс») әзірленген модель мен шарттарды іске асыру студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігінің нақты өсуін қамтамасыз ететіні эксперименталды түрде дәлелденген, бұл ғылыми болжамды растайды.

Қорытындыда диссертациялық зерттеудің нәтижелері бойынша тұжырымдалған негізгі теориялық ережелер мен практикалық ұсынымдарды қамтитын алынған нәтижелердің маңыздылығы ашылған.

Қосымшада жүргізілген зерттеудің мазмұны мен нәтижелерін көрсететін практикалық материалдар ұсынылған.